

«13» қараша 2022 ж.
№ 146 бүйрыққа
1-қосымша

Қазақстан халықтарының тілдер күні аясында
«Қазақ тілін құрметтейік!» атты XIII қалалық байқауын өткізу
ережесі

1. «Қазақ тілін құрметтейік!» атты XIII қалалық байқауын (бұдан әрі – Байқау) өткізу қағидалары оның мақсатын, міндеттерін, өткізу форматы мен тәртібін айқындайды.

2. Мақсаты: қазақ тілінде оқытпайтын мектеп оқушыларының қазақ тілі мен тәуелсіз Қазақстан тарихына деген қызығушылығын ынталандыру, шығармашылық ізденістерін дамыту, балаларды патриоттық рухта тәрбиелеу.

3. Міндеттері:

- 1) білім алушылар арасында мемлекеттік тілді үйренуді ынталандыру;
- 2) мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуге жәрдемдесу;
- 3) қазақ тілін үйренуге деген қоғамның қызығушылығын арттыру;
- 4) Қазақстанның ән өнерінің үздік үлгілерімен танысу;
- 5) қазақ ән өнерінің мысалында өзге ұлт оқушыларының қазақ тілі бойынша білімдерін тереңдету;

6) музыкалық-эстетикалық талғамды қалыптастыру, дарынды балаларды анықтау және қолдау.

4. Байқау Р. Бағланова атындағы №2 Балалар музыка мектебінің базасында OFFLINE форматта өтеді.

5. Байқаудың ұйымдастырушылары Білім басқармасы, Р: Бағланова атындағы №2 Балалар музыка мектебі, ұйымдастыру комитетінің құрамын және қазылар алқасының құрамын қалыптастырады, байқауды өткізеді, нәтижелерді талдайды және қорытындылайды.

6. Байқау тегін негізде өтеді.

2. Байқауды өткізу мерзімдері

7. Байқаудың өтетін күні мен уақыты: 2022 жылдың 15 қазан күні сағат 10:00-де Р. Бағланова атындағы №2 Балалар музыка мектебі, Ш. Айманова, 8.

8. Байқау жұмыстары konkursy.dmsh2@bk.ru электрондық пошта арқылы 2022 жылдың 12 қазанына дейін қабылданады.

Катысу үшін қажетті құжаттар:

- 1) қатысу туралы өтінім (№1-қосымшаға сәйкес);
- 2) қатысушылардың жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері қоса беріледі.

3. Байқауға қатысушылар

9. Байқауға Астана қаласының жалпы білім беретін мектептерінің өзге ұлт өкілдері қатысады.

10. Қатысушылардың жасы:

кіші топ: 8-10 жас;

орта топ: 9-12 жас;

үлкен топ: 13-16 жас;

ансамбльдер: - аралас топ (жас санаттарына бөлінбейді).

4. Байқауды өткізу шарттары мен тәртібі

11. Байқауға солистер, дуэттер, трио, квартеттер, ансамбльдер (12 адамға дейін) қатысады.

12. Байқау 2 номинация бойынша өткізіледі:

- халық әні;

- Эстрадалық вокал.

5. Байқауға қатысушыларға қойылатын талаптар

13. Қатысушы (солист немесе вокалдық топ) таңдауы бойынша номинациялардың бірінде қазақ тілінде 1 шығарма орындайды;

14. Орындалатын ән техникалық ерекшеліктері мен көркемдік мазмұны бойынша қатысушының жасына сәйкес болуы тиіс.

15. Бағалау өлшемдері:

1) әуезділік;

2) интонация тазалығы және музикалық құрылыш;

4) тембрдің сұлулығы және дауыс қүші;

5) репертуардың орындаушылық мүмкіндіктеріне және орындаушының жас санатына сәйкестігі.

6. Байқау қорытындысын шығару және женімпаздарды марапаттау

15. Байқау жұмыстарын кәсіби қазылар алқасы 10 баллдық жүйе бойынша бағалайды. Қазылар алқасының шешімі түпкілікті және хаттамамен рәсімделеді.

16. Байқау қорытындысы бойынша қазылар алқасы женімпаздарды анықтайды. Лауреаттар I, II, III дәрежелі дипломдармен, ал женімпаздардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады. Байқаудың барлық қатысушыларына қатысқаны туралы сертификаттар беріледі.

17. Анықтама телефоны: 8(7172)21-70-73.

Жауапты адам: Ниханбаева Карлыға Жумахановна +77025111100

Смаилова Элия Аманжолқызы +77028605884

Косымша 1

**«Қазақ тілін құрметтейік!» атты ХІІІ қалалық байқауына қатысуға
өтінім**

Білім беру ұйымдарының атауы	Қатысушының аты-жөні/ ансамбль атауы	Жетекшісінің аты-жөні	Бағдарлама, номинациясы	Байланыс телефоны және электрондық поштасы

**Қазақстан халықтарының тілдер күні аясында
«Қазақ тілін құрметтейік!» атты XIII қалалық байқауының
казылар алқасының құрамы**

№	Аты-жөні, тегі	Жұмыс орны, лауазымы
1	Сейтенова Айжан Муратовна	Қазақ ұлттық өнер университеті, эстрадалық вокал сыныбының оқытушысы, казылар алқасының төрайымы
2	Мерекеев Асхат Мейрманович	Р.Бағланова атындағы №2 Балалар музыка мектебі, вокал сыныбының оқытушысы
3	Серікбай Ақтөре Еркінұлы	Р.Бағланова атындағы №2 Балалар музыка мектебі, дәстүрлі ән сыныбының оқытушысы